

2012 жылғы өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімін анықтау туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 9 сәуірдегі № 97 қаулысы.
Ақмола облысы Астрахан ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 8 мамырда № 1-6-173 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 5) тармақшасына, «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының 5 бабының 3 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, «А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 203 ұсынысының негізінде, Астрахан ауданының ә к і м д і г і Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. 2012 жылғы өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімі қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М . Қ . Қ о ж а х м е т к е жүктелсін .

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан ауданының әкімі Р.Әкімов

А с т р а х а н а у д а н ы ә к і м д і г і н і н
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 9 с ә у р д е г і
№ 9 7 қ а у л ы с ы н а
қосымша

2012 жылғы өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

№ р/с	Дақылдарды атауы	Егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері	
		басталуы	аяқталуы
1	Орташа кештік жаздық бидай	12 мамырда	27 мамырда

2	Орташа піскен жаздық бидай	14 мамырда	1 маусымда
3	Орташа ерте жаздық бидай	18 мамырда	4 маусымда
4	Жаздық арпа, сұлы	27 мамырда	5 маусымда
5	Қарақұмық	25 мамырда	5 маусымда
6	Майлы тұқымға арналған күнбағыс	11 мамырда	20 мамырда
7	Зығыр	15 мамырда	31 мамырда
8	Мақсары	15 мамырда	25 мамырда

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК